Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына және кейбір судьяларына жоғары біліктілік сыныбын беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2002 жылғы 12 желтоқсан N 996
Республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 13) тармақшасына, " Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 48-бабына , "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 643 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы судьяларының біліктілік сыныптары туралы ереженің 1-4-тармақтарына сәйкес қаулы етемін:

1. Жоғары біліктілік сыныбы:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Мәми Қайрат Әбдіразақұлына;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары Жақыпов Бақытжан Ақұтайұлына, Кравченко Александр Ивановичке берілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК